

Парыгино ауылында талшықты-оптикалық желілер байланысын пайдалану үшін жер учаскелеріне шектеулі нысаналы пайдалану (жария сервитут) құқығын белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Парыгино селолық округі әкімінің 2021 жылғы 30 сәуірде № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 мамырда № 8735 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағы 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 1-тармағы 6) тармақшасына сәйкес, Алтай ауданы Парыгино ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес, Парыгино ауылында орналасқан талшықты-оптикалық желілердің байланысын пайдалану үшін "SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан, 10 жыл мерзімге, 2031 жылғы 12 қазанға дейін жалпы алаңы 0,3760 гектар жер учаскелеріне шектеулі нысаналы пайдалану құқығы (жария сервитут) белгіленсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Парыгино ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде осы шешімнің мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. "Алтай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі "SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен сервитут шартын жасасын.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Парыгино ауылдық округінің әкімі

Н. Бакынова

Парыгино ауылдық округі
әкімінің 2021 жылғы 30
сәуірдегі № 1 шешіміне
қосымша

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Ж е р учаскесінің ауданы, га
1	2	3
1	Шығыс Қазақстан облысы, Алтай ауданы, Парыгино ауылы, келесі көшелер бойынша: Победы, 1 (мектеп ғимаратының ауданы), Центральная, 4 (әкім аппараты ғимаратының ауданы, дәрігерлік амбулатория және темір жол ауданы).	0,3760
	Барлығы:	0,3760

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК